

**2020 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### ***Күшін жойған***

Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 151 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 шілдеде № 5706 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 104 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы әкімдігінің 01.01.2021 № 104 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес Келес ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. 2020 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. 2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды 1-қосымшаға сәйкес және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды 2-қосымшаға

сәйкес жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының 2020 жылға квотасын белгілеуде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 26 бабы 2 бөлігі 3 тармағының талаптары қатаң сақталсын.

5. Келес ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 5 ақпандағы № 37 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4902 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 19 ақпанда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. "Келес ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Келес ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Жанбырбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Келес ауданының әкімі*

*А. Есбаев*

Келес ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 10 шілдедегі  
№ 151 қаулысына 1-қосымша

## **Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота**

| № | Ұйымның атауы                                                                                                                                           | Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) | Квотаның мөлшері (%) | Жұмыс орындарының саны (адам) |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 18 С.Қожанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі  | 111                                 | 1%                   | 1                             |
| 2 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 154                                 | 0,9%                 | 1                             |
|   |                                                                                                                                                         |                                     |                      |                               |

|   |                                                                                                                                                         |      |       |    |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|-------|----|
| 3 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 23 "1 Мамыр" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі  | 117  | 1%    | 1  |
| 4 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 47 Д.Қонаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі   | 99   | 1%    | 1  |
| 5 | Келес ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 161  | 0,9%  | 1  |
| 6 | Келес ауданы әкімдігінің "Келес қызмет" коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                                                | 100  | 1%    | 1  |
| 7 | Келес ауданы әкімдігінің "Келес аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны                                                      | 138  | 1%    | 1  |
| 8 | Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Абай" Келес аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 1380 | 0,85% | 12 |

Келес ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 10 шілдедегі  
№ 151 қаулысына 2-қосымша

### **Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота**

| № | Ұйымның атауы                                                                                                                                           | Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) | Квотаның мөлшері (%) | Жұмыс орындарының саны (адам) |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Абай" Келес аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | 1380                                | 0,15 %               | 2                             |

Келес ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 10 шілдедегі  
№ 151 қаулысына 3-қосымша

### **Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айрылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота**

| № | Ұйымның атауы                                                                                                     | Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) | Квотаның мөлшері (%) | Жұмыс орындарының саны (адам) |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "№13 колледж" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 139                                 | 1%                   | 1                             |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК